

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №5 Қандыағаш қалалық ЖББО мектебі
Жоспардың құрылу кезеңі: 1- апта (02-06 қыркүйек) **2024-2025 оқу жылы**

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел - үсті ойыны. «Кішкентай көмекшілер» ойыны Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, (сөйлеуді дамыту) Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) .				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. «Кітап қайдан келеді?» тақырыбында әңгімелесі. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка Қазақ тілі	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
	Шаттық шеңбері Қайырлы күн достым Қайырлы күн болсын. Бүгінгі күн достым Сәттілікке толсын Денешынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта	Ән айту. -әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру;	денешынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра	денешынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра	Ән айту. -әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру;

қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан (4–5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, отыру; аяқтың ұшын созу, табанды бұғу. Кітапқа қамқор боламыз. Кітаптарды қалай күтіп ұстау керектігі туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)қазақ тілі Өзіміз кітап жасаймыз.	Кітап дүкені және кітапхана туралы балардың ойларын тыңдау, кітапханада және кітап дүкенінде рөлдік ойынын ойнау. Айырмашылықтарын білу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Ертегі кітап суретін салу (сурет салу) Тақпақ Ата-ананың гүліміз, Көңілді өтеркүніміз. Қайырлы күн деп айтамыз Бір болып түсте қайтамыз	қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан (4–5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, отыру; аяқтың ұшын созу, табанды бұғу. «Менің сүйікті кейіпкерім» әңгімелесу. кітаптардан суреттерін қарау. Өз	қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан (4–5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, отыру; аяқтың ұшын созу, табанды бұғу. «Менің алғашқы кітабым» тақырыбында балалармен әңгімелесу. Сурет кітаптарын бояу.	Балалар қалаулары бойынша іс әрекеттерді тандап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. Бірінші орталықта біздің топта қандай кітаптар бар? Кітаптарды қалай ажыратуға болатынын анықтау. Кітап неден жасалған? (Қоршаған ортамен таныстыру, зерттеу әрекеті) Балаларға жыртылған кітаптарды түштеп, жапсырып жөндеуге беру. Өз қолдарымен жасаған кітаптармен сөрені толтыру. (жапсыру) Serfity cәti Ұзын мұртты құмырска,
---	---	--	--	---

	Балаларға қағаздарды желімдеу арқылы кітап жасату. (жапсыру) Өз қалаулары бойынша кітап мұкабасын сәндеп сурет салу. (сурет салу)		ойымен бөлісу. Ойыншығы арқылы іс әрекетін көрсету. Сахналау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Сүйікті кейіпкерінің суретін салу, мүсінін жасау немесе киып бейнесін жапсыру. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	Жазушымен кездесу. (сөйлеуді дамыту) Топтағы кітап орталығын шарлармен әр түрлі суреттермен сәндеу. (сурет салу) «Кітап сөреге қалай келеді» тақырыбында әңгімелесу. Қандай мамандар кітап шығару жолында қызмет ететінін фильм арқылы тамашалау. (қоршаған ортамен таныстыру) Рөлдерге еніп ойнау. (Көркем әдебиет)	Келе жатты жұмысқа. Көрді допты жолынан, Алды допты қолына, Оң жаққа қарады, Сол жаққа қарады, Үлкен тау деп ойлады.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Кітап жасау үшін ағаштарға қамқор болу керектігі туралы әңгімелесу, ағаштарға қамқорлық жұмыстарын жүргізу. Желілі ойын Еркін тақырыпта балалардың қалауы бойынша ойын ұйымдастыру	Мектеп кітапханасына экскурсия жасау. Қимылды ойын: «Өз түсінді тап», балалардың еркін ойындары	Сүйікті кейіпкерлерін серуенге алып шығу, еркін ойындар. «Құстар біздің досымыз» балабақша ауласында ұшып жүрген құстарға бақылау жасату.	Киімдерге бақылау Күз мезгілінде адамдардың киімдерінде болатын өзгерістерді байқау, ерекшеліктерін атау.	Мультфильм Балалардың қалауы бойынша таза ауада немесе муз залда басқа топ балаларымен бірге мультфильм тамашалау

			қамқорлық жасау үшін ұя жасауды жоспарлау		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптан ертегі оқып беру. Балалардың өздері құрастырған ертегісін тыңдау. (көркем әдебиет) Кітаптарын жасау бойынша жұмыстарын жалғастыру. (сурет салу, жапсыру) Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру (математика негіздері)	Кітапхана немесе кітап дүкенін құрастыру материалдарынан құрастыру. (құрастыру) Еркін рөлдік ойындар. Өз кітаптарын жасау жұмыстарын жалғастыру	Кітаптан ән жаттау, айту (музыка) Еркін іс әрекеттер. Өз кітаптарын жасау жұмыстарын жалғастыру	Балалардың өз қолдарымен жасаған кітаптарынан көрме ұйымдастырып, басқа топтың педагогтарымен балаларын шақыру.	Балалардың таңдауы бойынша кітаптағы ертегілерді сахналау. Еркін рөлдік ойындар. (сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс	Жеке даму картасына орай баламен жеке жұмыстар. әңгімелесу, жеке жұмыстар, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстау мәдениеті т.б				
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналарды кітаптар бойынша жүргізілетін жұмыс жоспарымен таныстыру	Үйде кітап оқып беруге кеңес беру	Сүйікті кітабын алдырту	Баланың жасаған кітабын таныстыру	Сүйікті кейіпкерін сомдап ойнауын ұсыну

Тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру нысаны: №5 Қандыағаш қалалық ЖББО мектебі

Топ: ортаңғы топ

Жоспардың құрылыу кезеңі: 2- апта(09-13 қыркүйек) 2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Балалардың балабақшаға тез бейімделу жағдайларын талқылау.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті паздармен ойын, Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата», «Суреттерді орналастыру» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбекті бақылау (бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға көмектесуін жетілдіру) Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз. Күнi бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау. «Ойыншық қайдан келеді?» тақырыбында әңгімелесі негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау жасату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дос болу сезімін дамыту үшін топқа қонақ бопаралатып, топтағы келген Жанель құыршақты таныстыру. Ол өзіменертіп келген достарын таныстыру. Достарының қолданылатынын есімдерін. сұрап, балаларға әңгімелеуді	Денешынықтыру Балаларға топты бопаралатып, топтағы заттарды көрсету. Оларды атап, не үшін Олардың қолданылатынын	Музыка Топқа әже қонаққа келеді? Балалардан қонаққа кім келгенін сұрау. Сәлемдесу өз әжелерінің есімін	Денешынықтыру Топқа кір қонаққа құыршақ көмек сұрап келеді. Балалардан құыршаққа қалай көмектесуге болатынын сұрау	Денешынықтыру Балалардан бізге тамақ әкеліп, бізді күтіп қарайтын апайымыздың есімі кім? Ол бізге қалай қамқорлық танытады. Біз

өз есімдерін айтқызу арқылы танысу дос болу жолдарын таныту. Достармен қандай ойын ойнайтынын сұрап ойнау негізінде достық сезімдерін дамыту (сөйлеуді дамыту) Жәңельдің достарына қалаулары бойынша сурет салып беру, арқылы немесе мүсін жасау арқылы жеке қарандашты, ермек сазды қолдану қабылеттерін қалыптастыру (Сурет салу) (Мүсіндеу)	дамыту. Топтағы заттарды салыстыру негізінде үлкен кіші, ұзын қысқа деген сөздерді түсініп, қолдануды үйрету. Заттарды пайдаланып көру қабылеттерін дамыту (сөйлеуді дамыту) (Қоршаған ортамен таныстыру) (математика негіздері) Сергіту сәті Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп кішкентай ағаштар, Су құйғанда оседі.	атау, әже қандай адамі туралы әңгімелеп беруін сұрау негізінде сөйлеуін қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту) Ойыншық туралы жаттаған тақпағын айтып, әжеден сыйлық алып құану сезіміне бөленуіне жағдай жасау (көркем әдебиет) Әженің қоржынынан шыққан заттарды санау, топтастыру, салыстыру бойынша санау қабылеттерін дамыту (математика негіздері)	арқылы олардың бастамасы бойынша іс әрекет жасау. Балалардан қуыршаққа не болғаны туралы сұрап, ойларын дамыту. Дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуін үйрету. (сөйлеуді дамыту) Қуыршақтың сүйікті ойыншығы доп екен. Бізде доппен ойнай аламыз ба деп доппен ойындар ойнату. Сосын доптың суретін салып, мүсінін жасауын, тақтаға жапсыруын ұйымдастыру. Қол қимылын дамытуға жағдай жасау (Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)	апайымызға қалай қамқорлық таныта аламыз деп балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. (сөйлеуді дамыту) Апайымызбен бірге кітаптар қарайық. Кітаптан көргенімізді апайымызға айтып берейік деп қызығушылығын жетілдіру (көркем әдебиет)
---	---	--	---	---

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) .				
Серуен	Балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту үшін. Балабақша ғимаратында серуен, мамандармен, топтармен таныстыру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Ойыншықтар жайлы өлең жаттау Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар тыңдайды, Ақыл айтсақ, бұйырсақ. <i>М.Әлімбаев</i> (көркем әдебиет) Балалардың дербес әрекетін дамытатын қимылды ойын: «Өзара айырмашылығын тап»	Ойыншықтар жайлы өлең қайталау. Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар тыңдайды, Ақыл айтсақ, бұйырсақ. <i>М.Әлімбаев</i> (көркем әдебиет) Ағаштарды бақылау, ауа райының өзгеруін бақылау негізінде зейінін, байқағыштығын дамыту Қимылды ойын: «Үйдің есігін жабайық»	Әжеге балабақша ауласын көрсетіп таныстыру, қайда немен айналысатындары туралы айтып беруіне жағдай жасау. (Қоршаған ортамен таныстыру) Фланелеграф тақтасында балалардың еркін әрекеттерін ұйымдастыру. (Жапсыру) Жапырақтар теру, құмыраға сәндеп салу. Әжеге сыйға беру. Балалардың дербес әрекеті дамыту, еркін ойындары	Серуенде аулада орналасқан ойын құралдарын атап әңгімелеуін қалыптастыру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Ауа райның ерекшеліктерін байқау. Күз мезгіліне тән құбылыстарды атауды үйрету. Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын:Поезд	бірге ән айтып, билеп көңілді жүру жағдайын жасау. (Қоршаған ортамен таныстыру) Құрылыс материалдарынан жол және орындық жасауды үйрету. (Құрастыру) Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: Сакина жасыру
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті) .				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Достарымызбен шеңберге тұрайық, ойыншықтардан шеңбер жасайық. Шеңбер бойлап айналайық. Топта шеңберге ұқсас заттарды тауып салыстыру. (математика негіздері) Құрылыс заттарынан достарына үйшік құрастыру (Құрастыру) Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен домалақ пішінді табу, атау, тақтайшаға жапсыру. (Жапсыру)	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, тұзды қамырды пайдаланып мүсін жасау. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерді тізбектеп жапсыру. (Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру) Тақпақ Ата-ананың гүліміз, Көңілді өтер күніміз. Қайырлы күн деп айтамыз Бір болып кеште қайтамыз.	Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша жануарларға қоралады жасауды үйрету (Құрастыру) Мерекелік әсем шарлар деп суретін салу, мүсінін ермексиздан жасауды жетілдіру (Сурет салу) (Мүсіндеу)	Ойыншық туралы жаттаған тақпақтарды айтқызу арқылы есте сақтауын дамыту. (көркем әдебиет) Қонағымызды топтағы қуыршақтармен салыстырып көрейікші. Ол зат қандай сұрағына жауап беруін қалыптастыру. (математика негіздері)	Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп «артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату (математика негіздері) Қандай суретті бояймыз деп балаларға қалауы бойынша тандаған жемісті бояту, ермак саздан жасату немесе тақтаға жапсыру және сипаттауын қалыптастыру. (Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс	Жеке даму картасына орай баламен жеке жұмыстар әңгімелесу, жеке жұмыстар дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстау мәдениеті т.б				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың сүйікті ойыншығы туралы әңгімелесу.	Топқа ойыншық алмасу сәресін жасауды ақылдасу	Табиғи материалдардан ойыншық жасауды ұсыну.	Үйде баламен доппен ойнауды ұсыну.	Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру.

Тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №5 Қандыағаш қалалық ЖББО мектебі

Төң: 01.01.2024

Жоспардың құрылымы кезеңі: 3- апта (16-20 қыркүйек) 2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, одан өз отбасы жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жасерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», «Үйшігін тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып) Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымыю) Бірге күліп жүреміз «Менің отбасым», «Менің анам және әкем», «Мен аға әпкем, іні қарындасым» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Денешынықтыру	Музыка	Денешынықтыру	Денешынықтыру
	Шаттық шеңбері Арайланып таң атты Алтын сәуле таратты	Қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене	Отбасы бейнеленген кітаптарды қарату. Тек адамдардың емес,	Қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене	Қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене

Армысың жер ана Армысың күн ана Армысың достарым Отбасы суретін көрсету. Суретте не бейнеленген? - Суреттегі отбасы мүшелерін атау? - Ата, әже, әке, апа, іні, қарындас - суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелету негізінде сөздік қорын кеңейту, байланыстырып сөйлеуді үйрету. (сөйлеуді дамыту) «Отбасы» рөлдік ойындарын ойнау негізінде сөйлемді дұрыс құрап сөйлеуін дамыту. (көркем әдебиет)	жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру денешынықтыру Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау. Оларды сипаттауды үйрету. (сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша әжемнің кәмпиттері тақырыбында домалақ кәмпиттер суретін салғызу, ермек саздан әже ауылындағы құрт мүсінін жасау арқылы дөңгелек мүсінді жасату, Дастархан бетіне домалақ бауырсақтарды жапсырып орналастыру жұмыстарын жасауды үйрету. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды	жануарлардың отбасы жайлы түсінігін қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту) «Анасының көмекшілері» айдарымен аспаздық әрекеттерді түзді қамырды домалақтап, алақан арасында басу арқылы күлше жасатуды үйрету. (мүсіндеу) Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды менгерту. (құрастыру)	жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру денешынықтыру Балалардан аналары не жақсы көретінін сұрау. «Анаға сыйлық» жасауға ынталандырып сипаттап сөйлеуді үйрету (сөйлеуді дамыту) Өз қолдарымен сыйлық жасату. Балалардың таңдауы бойынша табиғи материалдардан қолға тағатын моншақ тізбегін жасауды үйрету Гүлдер (немесе басқа заттарды) суретін саусақпен салуды үйрету. (сурет салу) Ермексаздан торт жасауды менгерту (мүсіндеу). Қағаздан жасалған гүл себетіне ұсақ гүлдерді жапсыруды үйрету. (жапсыру)	жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру денешынықтыру Ата мен әжелерінің суретін карау. Олар туралы не білетіндерін айтқызу. «Бес саусақ» өлеңін айтқызу Бас бармағым – атам, үйдің данасы Балан үйрек - әжем, ошақ анасы Ортан терек - әкем, отау панасы Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары Титтей бөбек – мен, бәрінің базары (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
--	---	--	--	---

		дамыту. (құрастыру)			
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Отбасымызбен тұратын үйшікті бормен салуды үйрету.(сурет салу) Күз мезгілінің ерекшеліктеріне назар аударту. Жел соғып тұр, далада салқын деген ұғымдарды түсінуін жетілдіру.(қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар	Нешеуіміз? тақпағын таныстырып мазмұнын айтуға талпындыру Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармағым –әкем Балалы үйрек-анам. Ортан терек –ағам Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бәбек –сен Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз. І.Шұғаев (көркем әбедиет) Гүлдердің қурағанын сарғайғанын көрсету және сипаттауды менгерту(қоршаған ортамен таныстыру)	«Меніңкөмекші боламын» айдарымен аулада тазалық жұмыстарын орындауға қатыстыру және аула сыпырушысының еңбегімен танысуға жағдай жасау. Айналадағы тазалықты байқап айтуын дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар.	Аналарға арналған сыйлықтарды жасау үшін табиғи материалдарды жинау. Нешеуіміз? тақпағын жаттауды пысықтау Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармағым –әкем Балалы үйрек-анам. Ортантерек –ағам Шылдыршүмек – мен, Кішкенебәбек –сен Бірүйдебіз нешеуіміз? Бірүйдебізбесеуіміз. І.Шұғаев (көркем әбедиет) Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей жапырақтарды салыстыру, жапырақтардың қай ағаштар түскенін	Бақша ауласындағы ағаштар мен гүлдерді бақылау.Оларды бір бірімен салыстыру, санау қабілетін дамытудадыту. (қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) Ағаштардың түскен бұтақтарын жинап, жануарларға қора құрастыруды үйрету. (құрастыру) Еркін ойындар Сергіту сәті Ұзын мұртты құмырсқа, Келе жатты жұмысқа. Көрді допты жолынан, Алды допты қолына ,

		Еркін ойындар, жеке іс әрекеттер		атауын үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) Еркін ойындар	Оң жаққа қарады, Сол жаққа қарады, Үлкен тау деп ойлады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және өндер т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Аналарымызға арналған моншақ жасайық деп ермексазды алақан арасында жұмырлап дөңгелектеп моншақ жасауды жетілдіру. Домалақтарды бір біріне біріктіріп ұзын түрлі түсті моншақ жасату. (Мүсіндеу) Жасаған моншағымыздағы домалақтарды салыстырайықшы, қане қайсысы үлкен, қайсысы кіші. Дидактикалық ойын «артық пішінді тап» (математика)	Такпақтарын қайталау. Би үйрену. (көркем әдебиет, музыка) ана әке бала қуыршақтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. (Математика негіздері) Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер	Нешеуіміз? өлеңін қайталап айтуын ұйымдастыру Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармағым – әкем Балалық үйрек-анам. Ортан терек – ағам Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бәбек – сен Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз. <i>І. Шұғаев</i> (көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта	Өндер мен такпақтар және билерді қайталау. (көркем әдебиет, музыка) Аналарға берілетін сыйлықтарын аяқтау жұмыстарын ұйымдастыру Еркін іс әрекеттер	Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап тақия суретін бояуын ұйымдастыру, қараң даш ты дұрыс ұстауын дамыту. Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Еркін іс әрекеттер

	негіздері) Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер		сурет және жапсыру жұмыстары		
Балалармен жеке жұмыс	Жеке даму картасына орай баламен жеке жұмыстар, әңгімелесу, жеке жұмыстар, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстау мәдениеті т.б				
Балалардың үйге қайтуы	Отбасылық сурет беріп жіберуін сұрау.	Отбасында қандай ойындар ойнауға болады кеңес беру.	Отбасындағы баланың рөлі туралы сұрау.	Ата әжесінің суреттерін беріп жіберуін өтіну	Іс шарадан алған әсерлерін сұрау.

Тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйым: №5 Қандыағаш қалалық ЖББО мектебі

Топ: ортаңғы топ

Жоспардың құрылуы кезеңі: 4- апта(23-27 қыркүйек) 2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Күзгі ауа райына байланысты балаларда болатын аурулар туралы ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Ойыншықты тап», «Қуыршақ қонаққа дайындалуда», «Орын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, құрастыру материалдарымен ойындары. Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. Балармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Ерте тұрып күнде мен Терезені ашамын -Сәлем!,-деймін күнге мен Шаттық әнге саламын -Қайырлы таң апашым! деймін келіп апама Қайырлы таң аташым! деймін келіп атама Қайырлы таң, достарым! деймін келіп досыма, осындай жақсы көңіл күйде әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Денешынықтыру	Музыка	Денешынықтыру	Денешынықтыру
	Балаларға бүгін қуыршақ театрын тамашалайтынымызды	Қимыл белсенділігін дамыту мен	Шаттық шеңбері Қайырлы күн достым	Қимыл белсенділігін дамыту мен	Қимыл белсенділігін дамыту мен

абарлап «Бауырсақ ертегісі» желісі бойынша айтылған әнді қайталап айтқызу, ертегі туралы пікірлерін сұрау. (сөйлеуді дамыту) Кітаптар арасынан «Бауырсақ» ертегісінің кітабын табу ондағы суреттерге қарап ертегі айту дағдысын қалыптастыру. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету. (көркем әдебиет) Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы	үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру денешынықтыру Қонаққа бауырсақ келуін ұйымдастырумен балалардан өзі туралы не білетінін сұрау, жауап табуды үйрету Бауырсаққа арнап білетін тақпақтары мен әндерін айтып, музыкаға би белеуін ұйымдастыру. Қимылды ойын ойнату. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка) Сергіту сәті Ұзын мұртты құмырсқа, Келе жатты жұмысқа. Көрді допты жолынан, Алды допты қолына, Оң жаққа қарады, Сол жаққа қарады, Үлкен тау деп	Қайырлы күн болсын. Бүгінгі күн достым, Сәттілікке толсын. Үш торай мультфильмін тамашалау. Балалардың ойын тыңдау арқылы сөйлеуін дамыту. (сөйлеуді дамыту) Шағын үйшік салуды үйрету (сурет салу) Құрастыру материалдарынан үйшік жасауға көмектесу (құрастыру)	үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру денешынықтыру Дидкатикалық ойын «қай ертегіден» арқылы суреттерді көрсетіп қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. (көркем әдебиет) Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салыстыру, санау (математика негіздері) Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстар. (сурет салу, мүсіндеу жапсыру)	үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру денешынықтыру Ойыншықтар жәрмеңкесін ұйымдастырып, әр түрлі ойыншықтарды алып ойынан ертегі құрастыру дағдысын дамыту. Жануарлардың қимылы мен дауыстарын салу қабылеттерін жетілдіру. (көркем әдебиет) Біртекті ойыншықтардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуді үйрету. (математика негіздері) Ойыншықтарға арнап әр түрлі заттар құрастыру
---	---	---	---	--

	сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. қазақ тілі	ойлады.			(құрастыру)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балабақша ауласында өсетін көкөніс пен жемістерді қарау, бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру) Ұжымдық сурет салу. Үлкен табақ бетіне бауырсақты салдырту. (сурет салу) Еркін ойындар	балабақша ауласын сипаттап, ауа райы туралы айтып беру. (қоршаған ортамен танысу) Ермексаздан бауырсақ жасап көрсетру, бормен бауырсақтың суретін салуды ұйымдастыру (мүсіндеу, сурет салу) Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» Бауырсақ қоштасып, ертегілер еліне қайтады.	Үш торайдың іс әрекеттерін қайталау. Дыбыстарын салу. Кітаптан ертегіні қарау. (көркем әдебиет) Балабақша ауласынан табиғи заттарды тауып, ертегідегідей үй жасауға қолдану. (қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың дербес әрекеттері	Құрастыру ойыншықтарымен таза ауада ойындар (құрастыру) Аула сыпырушыға балабақша ауласын тазартуда көмек беру. Балалардың дербес әрекеттері	Балабақша аумағын мекендейтін тірі табиғат нысандарымен танысу. Оларға қамқорлық таныту әдістерін таныстыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін ітермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Тәулік бөліктерін тануын дамыту оларды атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. (математика негіздері) Балалардың таңдауы бойынша бауырсақты ермексазdan жасау, ертегі кейіпкерлерін ретімен фланелеграфта жапсыру. (мүсіндеу, жапсыру)	Бүгін кім келгенін естеріне түсіру. Үстел үсті театр ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру (Математика негіздері) Бауырсаққа үй құрастыру құратырмалы ойыншықтардан (Құрастыру) Фланелеграфта ертегі кейіпкерлерін сол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау (Жапсыру)	Торай ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру, салыстыру (үлкені кіші) (Математика негіздері) Балалардың қалауы бойынша еркін әрекеттер таңдау. Ертегі желісі бойынша сюжеттік сурет салу (Сурет салу) сюжеттік мүсіндеу. (Мүсіндеу) Фланелеграфта ертегі кейіпкерлерін жапсыру (Жапсыру)	Үш торай және бауырсақ ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау. Кітаптарға қарап қалыптастыру. айту дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуін шығарылған ертегі пысықтау. (сөйлеуді дамыту) Тақпақ Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз. Әлемдегі бар адамға, Тек жақсылық ойлаймыз.	Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қарап қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту) Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан кейіпкерлерін суретін салып, мүсінін жасау. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру жұмыстарын орындау (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс	Жеке даму картасына орай баламен жеке жұмыстар. әңгімелесу, жеке жұмыстар, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстау мәдениеті т.б				
Балалардың үйге қайтуы	Бауырсақ ертегісі туралы айтып беруін баласының сұрауға кеңес беру.	Бауырсақ жасауын сұрану	Үш торай мультфильмін бірге тамашалауға кеңес беру.	Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру.	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.